

## Педагогикалық кеңестің

### № 1 Хаттамасы

25.08.2022 ж

Қатысқандар саны:10

#### Күн тәртібінде:

1.Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы

2.Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022 - 2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру.

3.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын қарастыру.2022 - 2023 оқу жылының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарымен таныстыру, бекіту.Вариативтік компоненттер.Ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі.

4.Педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесі.  
Топ балалар тізімдері.

1.Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі С.Атыгаева сөз алды. Жазғы сауықтыру жұмыстарын қорта келе айтқанда, балаларды ұйымдастырылған серуендер мен бақылаулар ,балалардың ойлауы мен қиялын дамытады, ой әрекеті, ептілігі мен зеректігін белсендіреді. Жазғы мезгілде балаларда еңбек дағдылары белсенді түрде қалыптасады.

2.Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі. С.Атыгаева сөз алды. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022 - 2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстырды.

3. Тыңдалды. Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі. С.Атыгаева сөз алды-тағы бір оқу жылына аяқ басқалы отырмыз. Жаңа оқу жылында алдымызға жаңа мақсаттар қоя отырып, бір жылға жоспар түзіп, жұмыс жоспарымызды айқындап аламыз деді. Балабақша жұмысында Білім және ғылым министірлігінің 2018 жылғы 18 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жүзеге асырылғанын айтты. Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптарға тоқталды. Қ.Р Білім

және ғылым министірі бекіткен №557 бұйрығы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және 2016 жылғы тамыздағы №499 бұйрығымен бекіткен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын негізге ала отырып құрылған балабақшаның жылдық жоспарымен таныстырды. Биылғы жылы балабақшаның жылдық міндеті «Рухани жаңғыру», ҚР Білім беруді ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасы, жаңартылған білім беру аясында білім беру салаларын кіріктіру арқылы балаларды жалпы адамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа тәрбиелеу ерте жастан әлеуметтік дамумен өз бетінше үйрену дағдыларын дамыту.

Одан әрі білім беру салалары, олаға берілген жүктемелер санымен, оқу қызметінің ұзақтығымен таныстырды. Әр топтың оқу жүктемесінің көлемін тоқталып өтті. Вариатиптік компонент ортанғы 3 жастан бастап 1 саған, ересек 4 жастан бастап 2 сағат берілген. Балабақшаның ортанғы тобында «Ертегілер елінде» тақырыбында, ересек топ бүлдіршіндеріне «Ертегі сыр шертеді» және «Шебердің қолы алтын» вариатиптік компоненті жоспарлады. Вариатиптік компонент күннің 2 жартысында жүргізіледі. Вариатиптік компонент жоспарын дәстүрлі түрде, әрі заманауи технолологияларды қолдану арқылы жоспарлап, баланың



## Педагогикалық кеңестің

### № 2 Хаттамасы

26.10.2022 ж

Қатысқандар саны:10

#### Күн тәртібінде:

- 1.Педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы
- 2.Ерте жастан балалардың логикалық ойлауын дамыту
- 3.Интеллектуал ойындарының артықшылығы

**1.Тыңдалды.** Педагогикалық кеңесті балабақша меңгерушісі Атыгаева Салтанат ашық деп жариялады. Әдіскер Н.Гаппарова педагогикалық кеңестің күн тәртібімен таныстырып өтті.

**Бірінші мәселе** бойынша балабақша меңгерушісі С.Атыгаевам педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы мәлімет берді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы талаптарын жүзеге асыру жұмыстары жүргізілді. Баланың танымдық және логикалық ойлау қабілеттерін арттыру мақсатында жүргізіліп жатқан барлық жұмыстар қанағаттанарлық деп есептелсін.

**2.Екінші мәселе** бойынша балабақша тәрбиешісі Г.Каракулова сөз алды. Баланың жас ерекшелігін ескере отырып қазақ тілінен түрлі логикалық тапсырмалар беру арқылы, білімнің беріктігін қамтамасыз ету, баланың шығармашылық қабілетін дамыту, интеллектуалдық деңгейін көтеру. «Логикалық тапсырмалар» баланың жас ерекшелігін ескере отырып құрастырылды. Теориялық білімдерін кеңейтіп, оны практикада

қолданылуына ықпал етеді. Логиканың дамуы өздігінен ізденіп жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Логикалық тапсырмалар баланың интеллектуалдық деңгейін көтереді. Оқу материалын балалардың ойлау қабілеті жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере ұйымдастырса ғана, оның ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік туады. Сондықтан да тәрбиеші балаларды үнемі ойланып оқуға бағыттауы тиіс, бұған оқу үрдісін жүйелі ұйымдастыру, оқу іс – әрекетінде бала логикасын дұрыс дамыта алатын мүмкіндіктерді мол пайдалану арқылы жетуге болады.

3. Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Н.Гаппарова интеллектуал ойындарының артықшылығы жайлы айтты. Интеллектуалдық дамыту ойындары балалардың түсіну және қабылдау қабілетін, ақыл-ойын дамытуға, түсінік-ұғымдарын қалыптастыруға, білімді терең меңгеруіне игі ықпал етеді. Интеллектуалдық дамыту ойынының негізгі құрылымдық ерекшелігі — ойынның өзінен туатын және балалар жасайтын немесе ересектер ұсынатын ойын ережесінің қатаң сақталуы, педагогтың ойынды ұйымдастыруға даярлығы, баланың жас және жеке даму қабілеттерінің ескерілуі. Ақыл-ойды тереңдетуге бағдарланған интеллектуалды ойын — адамның өміртанымының алғашқы қадамы. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып білімін жетілдіреді, қолданып көргенін, танып- білгенін есінде сақтайды. Нәтижесінде қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді, тұрмыс пен қызмет түрлерін ажырата бастайды. Еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін қалыптастырады. Ойынның ережелері ойнаушының қисынды ой қабілетінің дамуы, бір-біріне деген сыйластық, қажеттіліктерімен санасуы әр оқушының жеке әрекетінен туындайды. Ойынның басты шарты жеңіске жету болса, әр ойыншы өз қарсыласының мүмкіндігімен санасып, бір-біріне деген сенімен арттырады.



## Педагогикалық кеңестің

### № 3 Хаттамасы

**26.10.2022 ж**

**Қатысқандар саны:10**

#### **Күн тәртібінде:**

- 1.2022-2023 оқу жылының бірінші жарты жылдығына қорытынды есеп
- 2.Оқу тәрбие үдерісіндегі жарты жылдық қорытынды есеп
3. Балалардың денсаулығы туралы жарты жылдық қорытынды есебі
4. Тәрбиешілердің жарты жылдық қорытындысы

1.Тыңдалды. Бірінші мәселе бойынша «2022-2023 оқу жылының I жартыжылдығында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру қорытындысы» тақырыбы бойынша дөңгелек үстел өткізілді.

2.Екінші мәселе бойынша оқу тәрбие үдерісіндегі жарты жылдық қорытынды есеп алынды.

3. Үшінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Ф.Кудиретова балалардың денсаулығы туралы жарты жылдық қорытынды есебін берді. Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту үшін әртүрлі жағдайлар жасалады. Балаларды жеңіл киіммен жүруді, таза ауада болуды, күн тәртібі бойынша, дене шынықтыру жаттығуларына, қимылды ойындарға қызығушылық көрсетуге үйренеді. Күнде 8-10 минут көлемінде таңертенгілік гимнастика өткізіледі. Дене шынықтыру сабағы аптасына 3 рет топтың ішінде өтті. Жүргізілген жұмыс нәтижесінде балалар жүруге және жүгіруге үйренді, бір – біріне соғылып қағылмай, бір орында екі аяқпен секіруді және алдыға жылжуымен, допты лақтыруды оны сырғанатуды т.б

қимылдарды жасауды меңгереді. Жарты жылдық барысында балалар гигиеналық этикалық дағдылар үйретілді.

4. Төртінші мәселе бойынша тәрбиешілердің жарты жылдық қорытындыны талқылады. Балалардың жалпы даму көрсеткіші қыркүйек айымен салыстырғанда бірінші тоқсан нәтижесінің көрсеткіші өзгерген. Түстерді түгел ажыратады, салыстыра алады. Жыл мезгілдері туралы айта алады. Қоршаған орта туралы берілген ақпаратты қабылдап, тәрбиешінің қимылын орындай алады. Геометриялық пішіндерді атай алады. Өлең жолдарын тәрбиешімен бірге мәнерлеп жаттай алады. Көмекті қажет ететін балаларға жекелей келу тәрбиеші тарапынан көрсетіледі. Балалардың сөздік қорлары жақсы. Өз жастарына сай. Өз ойларын жеткізе алады. Сұрақтарға талап бойынша жауап бере алады. Білім беру стандартына сәйкес балалар оқытылып, екінші және қорытынды тоқсан нәтижелерін оң нәтижеге жеткізуге жылдық міндет бойынша іске асырылады.

Төрайымы:

Хатшы:



С.Атыгаева

М.Сапарбаева

## Педагогикалық кеңестің

### № 4 Хаттамасы

27.02.2023 ж

Қатысқандар саны:10

#### Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Дәстүрлі қазақтың ою өрнектерін фетрмен нақыштау
3. Ұлттық ойындарды жетілдіру

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі С.Атыгаева өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталды. Күнделікті бақылау кезінде топ тәрбиешілері күн режимін сақтап, балаларға қимылды, дидактикалық, үстел үсті, ұлттық ойын түрлерін ойнап жатқанын көрдік. Балалар шапшаң ойын ережесін тез түсінеді, бірлесе ойын ойнай алады. Бұл тәрбиешінің балалармен күнделікті жүргізіп жатқан жұмыстарының нәтижесі. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп бағалады.

2. Екінші мәселе бойынша дәстүрлі қазақтың ою өрнектерін фетрмен нақыштау жайлы балабақша тәрбиешісі М.Сапарбаева дәріптеді. Фетрден жасалған өнер туындыларымызды насихаттау, халқымыздың ертеден келе жатқан, бүгінгі күнде ұмыт бола бастаған ұлттық қолөнер бұйымдарын заманауи тұрғыда жаңа өң беріп тұрмыстық қолданысқа сомдап шығару. Соның ішінде фетрден

жасалған өнер туындыларымызды насихаттау, жас ұрпақтың бойына сіңірту.3.Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ұлттық ойындарды жетілдіру жайлы сөз алды. Ол өз сөзінде мектепке дейінгі мекемелерде адамгершілік тәрбиесі тәрбиелеу мен білім беру үдерісінде әр түрлі іс әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. Олармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір –біріне деген қайырымдылық, мейрімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерін тәрбиелеуге болады. Баланың бірінші әрекеті –ойын, сондықтан да ойын мән –мәнісі ерекше. Қазақтың ұлттық және спорттық ойындарының да өзіндік тарихы , даму жолдары, қалыптастыру кезеңдері бар. Қазіргі кейбір деректерге қарағанда, бізге жеткен ұлт ойындарының біразы сонау көне заманнан басталады. Ұлттық мұраның бай қазынасының бірі –халықтың ұлттық ойындары көп саналады, көп қырыл құбылыс, ол тек ойындық сала емес, мәні жағынан да балабауша тәрбиеленушіліруінің рухани өрісі кең өсіп-жетілуіне, эстетикалық мәдениетінің қалыптастыруға тәрбиелейтін негізгі құбылыстардың бірі деді.

С.Атыгаева

М.Сапарбаева

## Педагогикалық кеңестің

### № 5 Хаттамасы

24.05.2023 ж

Қатысқандар саны:10

#### Күн тәртібінде:

1.2022-2023 оқу жылындағы оқу тәрбие жұмысының қорытындысы

2. Білім беру салалары бойынша балалардың даму деңгейлерінің көрсеткіштері мен бағдарламаларының орндалуы туралы есеп (мониторинг)

3. №4 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы

4.Жаз айының сауықтыру-шынықтыру шаралары күн тәртібі, перспективалық жоспар ,циклограмма талқылау, бекіту

1.Тыңдалды. Тәрбиешілердің оқу тәрбие бойынша жүргізілген қорытынды есебі тыңдалды.

2.Тыңдалды. Балалардың біліктерімен дағдыларының дамуының қорытынды бақылау нәтижелері бойынша тәрбиешілері, тәрбиеленушілердің үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейіне топтар бойынша айтты. Топтар бойынша толтырылған бақылау парақтарын әдіскерге береді. Әдіскер жалпы жиынтық бағалауды жасап білім бөліміне есеп беретінін айтты. Аралық бақылау нәтижесімен салыстырғанда балалардың білім деңгейінің көрсеткіштері жоғарылаған-деді әдәскер.

3.Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі С.Атыгаева өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына қысқаша тоқталып өтті. Балалардың балабақшаға келуі жағы, себепсіз балабақшадан алып қалу болып жатқан жоқ. Ауырып қалған балалар дәрігерлік анықтамамен қабылданып жатыр. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы жақсы-деді.

4.Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі С.Атыгаева –жазғы маусым басталғандықтан жылдағы дәстүр бойынша жазғы оқу қызметінің кестесі бекітілді. Онда балалармен өткізілетін шаралар, оқу іс-әрекеттері қызықты ойын түрінде жоспарланады. Балалар жазғы сауықтыру жұмысына көшеді. Балалармен жоспарланған сауықтыру шаралары, мейірбикемен бірлесе отырып жүргізіледі деді. Жазғы сауықтыру жоспарын бекітті.

Төрайымы:

Хатшы:



С.Атыгаева

М.Сапарбаева